



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

# ШАБЫТ

ОСЫ САИДА

айлық журналы  
ежемесячный журнал  
№23 (23) 25.01.2017



## ОЗЫҚ ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

Шабыт журналының жаңа ұжымы еленбей, ескерілмей жүрген көріністерді қамтып, оқырман жүрегін жаңаша бағыттағы тың дүниелермен сүйіншілейді. Жаңа жылмен бірге жылт ете қалған жаңа толқын талай жанарлардың нұрлы қабықшасында сәулесіз ойнатып, назарын аударады деген ойдамыз. Шабыт журналы біз үшін тарих тақтасы іспеттес. Студенттердің шығармашылығы, тұрмыс-тіршілігі, әзіл-қалжыңдары, ой-армандары мен тәтті махаббаттары осы тақтаға таңбаланып жатыр. Бүгінгі күн – болашақтағы сағыныш. Сағынышымыз сүйкімді болсын!

Құрметпен, журналдың бас редакторы  
Нұржан САЛИМОВ

### Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. К. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты

Асылбекова А. М. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистранты, театртанушы

### Редакция мүшелері:

Бас редактор: Нұржан Салимов

Редактор көмекшісі Назгүл Ақшалова

Тілшілер: Ләззат Алпысбаева

Аида Қалқатай

Манарбек Хыдырбай

Оразбай Сайлаубай

Жанар Төлеген

Ақнұр Қуандықова

Балжан Сауырбаева

Гүлмира Тасыгожина

Бақтияр Тұрсынов

Айгөлек Өмірбек

Дизайнер: Әсет Ақмолда

Фототілші: Абылай Нұрсұлтан

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: 87082428793, 87476739788

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: [shabyt\\_zhyrtan@mail.ru](mailto:shabyt_zhyrtan@mail.ru)

# МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Б. Сауырбаева	4	ШАБЫТ МЕН ҮШІН...
А. Қуандықова	5	СУРЕТШІ САРАҰЫ
А. Досмахан	6	КЕРЕК—ДЕРЕК
	7	УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШТАРЫ
Л. Аллысбаева	8	ТҮСІМДЕ ҮНЕМІ ҰШЫП ЖҮРЕМІН...
С. Жұмбақ	9	СТУДЕНТ КҮНДЕЛІГІ
	10	УНИВЕРСИТЕТ ЖҰПТАРЫ
Н. Салимов	12	ӨЛЕҢ ӨРНЕГІ
	13	СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?
Н. Әбділ	15	ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАЛАР
Қ. Ежембек	6	ҚҰСТАР САЛҒАН ӘН
М. Әбіл	18	ӘЗІЛ ӘЛЕМІ
	19	ШАРЖ
Х. Хасамбай	20	ЖҰЛДЫЗ ЖОРАМАЛ
А. Қалқатай	21	ФРАЗЫ СТРУГАЮКИХ, КОТОРЫЕ НАУЧАТ МЫСЛИТЬ ШИРЕ
	22	ҚАҢТАР АҰЫНДАҒЫ ТУҒАН КҮН ЦЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАУМЫЗ
Н. Асқар	23	ART GALLERY
А. Өмірбек	24	КІТАПХАНА КҮНДЕЛІГІ
	25	ДНЕВНИК СТУДЕНТА
	26	Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ, АҚЕРКЕ
Б. Мәліков	27	ҚИЯЛ КӨКЖИЕГІ
	28	КАКОУ ДОЛЖНА БЫТЬ СОВРЕМЕННАЯ МУЗЫКА?
	30	ЖАСЫРЫН КАМЕРА

# Шабыт мен үшін...

1. «Шабыт мен үшін - жастармен тікелей байланыс орны. Өнер жолын таңдап, алғашқы қадамдарын жасап жатқан студенттерімізге сапалы білім беріп, дұрыс бағыт-бағдар беру - біздің міндетіміз».

Айнұр ҚАСАБЕКОВА

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

2. «Шабыт мен үшін - ең алдымен, білім нәрімен сусындайтын мекен. Әрине, өнер ордасы болғандықтан, осында оқитын студенттер үшін өнер жолына қанат қағатын үлкен мектеп екені түсінікті. Себебі, мұнда өз өнерімен халықтың жүрегінен орын тапқан өнер майталмандары дәріс береді. Өз кезегімде мен де осы Шабыттан шабыт алып жүргеніме қуанамын».

Бақтияр ТҰРСЫНОВ

«Театртану» мамандығының 1 курс студенті

3. «Шабыт мен үшін - бәсеке. Себебі мұнда еліміздің түкпір – түкпірінен келген талантты жастар білім алуда. Өнердің түрлі тармағын қамтыған студент жастар күнделікті ізденіс пен шыңдалу арқылы бір – біріне лайықты бәсекелес деуге болады. Таза бәсекелестік - нәтижелі еңбектің бастауы».

Закария ДӘУРЕН

«Операторлық өнер» мамандығының 1 курс студент

4. «Шабыт мен үшін - өнер жолына ашылған үлкен қақпа. Мүмкіндіктер мекені. Шет елмен тәжірибе алмасу, түрлі мерекелік шаралар мұның бәрі шабыттағы күнделікті өмір десе болады. «Өнеріммен өлемді тәнті етемін!» деушілерге Шабыттың есігі әрдайым ашық».

«Дәстүрлі өн» мамандығының студенті

5. «Шабыт мен үшін - таланттар мекені. Мұндағы өр күн жаңа таныстық пен жаңа талпыныстардан тұрады».

«Кескіндеме және мүсін» мамандығының студенті

6. «Шабыт мен үшін - музыка. Өнерге деген құлшынысымды одан сайын арттыратын, мені талаптандыра түсетін орта. Шабыт біздің - ортақ үйіміз. Шабыт - болашақ өнер жұлдыздарын дайындайтын үлкен мектеп».

«Эстрада өнері» мамандығының студенті

7. «Шабыт мен үшін - білім ордасы. Мен Қазақ ұлттық өнер университетінде тәлім алып жатқанымға қуаныштымын. Және болашақта ата – анамның, ұлағатты ұстаздарымның үмітін ақтаймын деп сенемін».

«Өнертану» мамандығының студенті

8. «Шабыт мен үшін жаңашылдық: жаңа музыка, жаңа идея, жаңа көзқарас, жаңа есімдер мен жанрлар».

«Дәстүрлі өн» мамандығының 3 курс студенті

9. «Шабыт мен үшін - шығармашылық орта. Жеңістер мен жеңілістерімнің куәсі. Армандарымның бастауы».

«Сценография және сәндік өнер» мамандығының студенті

10. «Шабыт мен үшін - ең бірінші кезекте, білім ордасы. Білім мен өнерді қатар алған жастардың мекені. Елордамыздағы өнердің қайнаған ошағы».

«Дәстүрлі өн» мамандығының студенті

Астана қаласының Суретшілер Одағына барудың реті келіп, шеберханасы тар болса да көңілі кең Бақытнұр ағада қонақта болып қайттым. Өнер туындысын толықтай сезініп, түйсіну үшін оның авторын жақын білу маңызды деп ойладым.

Суретші ұғымындағы сұлулықты, өнерді, жалпы дүниеге қозғарасын танып білу үшін балалық шақтан бастап саяхат жасадық. Бақытнұр Бүрдесбеков шұрайлы Жетісу жеріндегі Қарасаз деген өлкеде дүниеге келген. Көркемөнерге деген қызығушылығы сол бала кезден басталыпты. Мектеп қабырғасында сурет салып жүріп, ұстаздарының нұсқауымен Н. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесіне (1981) түсіп, кейін В.Мухина атындағы Ленинград жоғары көркемсурет-өндірістік училищесінде монументалды кескіндемені меңгерген (1989). Ленинградта жүріп, әлем кескіндемесінің нағыз алыптарының туындыларымен танысып, талаптары жоғары мықты мектептен өтеді. Осылайша бойдағы өнерді кәсіби арнаға бұрып, елге келеді. Кескіндеменің заңдылықтарын меңгерін шыққан суретші ендігі жерде өнердегі өзін іздеуге талпынады. Б.Бүрдесбеков кескіндемедегі баяндаушылық мәнерден шығып, қоршаған әлемді өзінше бейнелейді. Суреткер жұмыстарына нәзік сызықтар, әуенді композициялар, түстердің үйлесімділігі тән. Суретшінің шығармашылығында әйел образының орны ерекше. Ол сұлулықты өзінше бейнелейді, қылқаламның нәзік сызықтарымен бір-біріне ұқсамайтын түрлі келбеттерді кезіп бетіне



түсіреді. Мысалға, «Жібек жел», «Әуен», «Қызыл шолпы» туыныларында бірнеше жіңішке сызықтармен арулардың әрқайсысының тұлғалық ерекшеліктерін айшықтап көрсетеді. Сонымен қатар туындыларының қатарынан пейзаж, натюрморт, портрет жанрындағы туындыларды қамтитын абстрактілі композицияларды, түстік реңі бай натюрморттарды, бірнеше уақыт жұмыстарына арқау болған қасиетті қобызды көре аламыз. Бұл туындыларда суретші мистикалық сарынды, қобыздың қоңыр үнін, жалпы аспаптың табиғатын шебер аша білген. Суретші үнемі шығармашылық

ізденісте жүріп, қоршаған ортадан, жанындағы адамдардан, өмірдің өзінен шабыттанады. Мінезінде де туындыларындағыдай жұмсақтық пен кеңпейілділігі бар, жомарт, ақжарқын жан.

Б. Бүрдесбеков – машақаты көп суретшілік жолына түскен студенттерге бағыт табу жолында үлгі болатындай өз ісін білетін шебер:

- «Арт-ЭКСПО 2011» (Нью-Йорк, АҚШ) Халықаралық конкурсының үш алтын медалінің иегері;
- «Арт-ЭКСПО 2011» (Нью-Йорк, АҚШ) Халықаралық конкурсының үш алтын медалінің иегері;
- 1992 жылдан Мәскеуде республикалық және халықаралық көрмелердің («Ұлы жол» арт-жобасы) қатысушысы;
- Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы және Қазақстан Республикасының Мәдениет және туризм министрлігі ұйымдастырған түркітілдес елдері суретшілерінің 8-халықаралық шығармашылық лабораториясына қатысқан;
- Ақмола облысындағы саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарына арналған «Алжир» мемориалды-мұражай кешенінің тұжырымдамасының дизайн авторы.

Ақнұр ҚУАНДЫҚОВА,

«Өнертану» мамандығының 3 курс студенті

## Терминдер

**Авантюра** (франц. aventure – оқиға) – кездейсоқ сәтті көздеп, нақтылы мүмкіндік пен жағдайды есепке алмайтын, тәуекелге бел байлаған іс-әрекет.

**Автоматизм** – психологияда сананың бақылауынсыз істелетін қимыл-әрекет.

**Адажио** (итал. Adagio – қолайлы, жайлы) – баяу музыкалық ырғақ. 1) классикалық жаттығу биі немесе балетте лирикалық сазды музыка сүйемелімен баяу орындалатын би бөлімі. Кейде жеке би эпизоды (па-де-де, па-де-труа, па д'аксьон, гран па). 2) музыкалық екпін.

**Адекватты** (лат. adaequatus – теңдестірілген, бірдей) – сәйкес, дәлме-дәл, тепе-тең, барабар деген мағынаны білдіретін ұғым. Адекватты таным деп объективті дүниедегі заттардың қасиеттері мен бір-біріне қатынастарының дәлме-дәл, дұрыс бейнелеуін айтады. Бұл ақиқат ойлаудың болмысқа барабар келуімен анықталады.

**Аймауыт** – асыл болаттан соғылған ұсақ шынжырлы торлы сауыт, батырлардың ұрысқа киетін киімі. Оны қылыш кепейді, найза теспейді. Соғылуы қиын болғандықтан, өте қымбат бағаланып, кез-келген батырдың қолына түсе бермеген. Аймауыттың шынжыр торы денеге батпас үшін ішінен киіз кебенек киеді.

**Акинак** (грек. akinakes) – қысқа семсер; қоян-қолтық ұрыста жауды шаншуға арналған қару. Ұзындығы 40-60 см болады. Б. з. б. 4-3 ғ-да парсылар мен скифтер қолданған.

**Акро өлең** (грек. akrostichis, akros – шеткі, stichos – жол) – әр жолдың басқа әріптерін жоарыдан төмен оқығанда, белгілі бір сөз, кісі аты т.б шығатындай етіп жазылған өлең. Абайың «Әліп-би» өлеңінде араб алфавиті әріптерінің аттары берілген. Акро өлең жұмбақта т. б-да қолданылады.

**Ақалақшы** – сауда керуенінің басшысы. Бұл кәсіп негізінен 19 ғ-да пайда болған. Ол кезде қазақ елінде сауданы кәсіп еткен басқа адамдарды да ақалақшы дей берген. Өкімет орындары сауда-саттық ісін көбінесе ақалақшылар арқылы реттеп, олардан керуеншілердің жүріс-тұрысы, нарықтың өзгеруі, халықтың пиғылы т.б жайында қажеті мағұлматар алып отырған. Ақалақшы сол кездегі іскер топтардың өкілі ретінде жалпы жұртқа белгілі, беделді болған.

**«Ақжелең»** - мелодиялық қозғалысы жеңіл де жүрдек және көңілді би сипатында келетін аспаптық халық музыкасының (күйдін) ерекше түрі. Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелең» күйінің атына қарағанда «Ақжелең» деген сөз әуелгіде домбырашы қыздың есіміне байланысты шығуы да мүмкін. Халық арасында Қошқар, Алтынай, Ұзақ, Құрманғазы, Қазанғап, Сүгір, Мәмен сияқты халық композиторларының «Ақжелең» атты күйлері, сондай-ақ осы аттас авторы белгісіз күйлер сақталған.

**Ақ құю** – ескі ырым. Әуел баста шаманизм дінінде туса керек. Күнкөрістің, тіршіліктің негізі болған сүтті (ақты) түркі, монғол халықтары ежелден қасиет тұтқан. Үйге кірген жыланды өлтірмей, басына ақ құйып шығару жамандыққа жақсылықпен жауап берудің белгісі саналған. Қасиетті ақ арқылы жақсылық ету дұшпанды қара ниетінен қайтарудың ізгі жолы деп қарайтын халық дәстүрі болған.

**Ақтағыр** – киіз үйдің шағын түрі. Әдетте 2 канатты, кішкентай болады, 2 үзікпен жабылады. Ақтағыр көбінесе қазақстанның солт. шығысында малшылардың уақытша баспанасы ретінде кеңінен пайдаланылған.

# Университет мақтаныштары



Серікболсын Кішкенбаев



Сұлтан Ақмет



Димаш Құдайбергенов



Рұстем Жүгінісов



Мұратбек Хайролда

# Университет жұптары

(Жоғарғы курстар)



Дулат - Қунай



Ыбырай - Қунсулу



Рахат - Баян



Айболат - Карина



Бекболат - Алтынай



Данияр - Айкөркөм




Асылжан - Айна



Ахат - Жамиля



Еркебулан - Айкун



Ерзулан - Инабат

*Біз деген...*

Біз деген іздеген жандармыз  
 Өмірден,  
 Көңілден  
 Тогілген жылуды...  
 Сезбеген, білмеген жандармыз  
 Бақытты болуды,  
 Бақытты қылуды...

Жараңа жақпаймыз, науқасың батты ма?  
 Улауға сақтаймыз, таптырмас затты да  
 Емге біз.  
 Тойынып тасынса жарлыға қол созған,  
 Өзің асырса жарыла қызғанған  
 Пендеміз...

Сәнін шамалы өмірім керім деп,  
 Бәрің жоғары орыным менің деп  
 Ойлармыз.  
 Жылтырын жалауда тандайы кеппеген,  
 Жыртығын жамауға жағдайы жетпеген  
 Байлармыз...

Еттерге жібімей, тастарға жаққаның,  
 Ақылың шегің асқанда тапқаның  
 Су милық.  
 Жаураса жуынды, өйткені батыр деп,  
 От жағып жылынса, өртеңіп жатыр деп  
 Су құйдық...

Басқаша ойлана, басқалай түсінген,  
 Қараңғы қоймаға найзағай түсірген  
 Кесіріміз.  
 Кетіндер бәрің деп айқайға салатын,  
 Кеткен соң жалғыздық жағдайда қалатын  
 Жетімбіз...

Уақыты өтпеген сезімге қуанбай.  
 Бақыты көктеген кезінде суармай  
 Оратын.  
 Көңілдің тарлығы шығынға әкеліп.  
 Осының барлығы шынында қателік  
 Болатын...

Жандармыз біз деген..  
 Бірдеңе іздеген..

*Мүмкін*

Келмейтінді келер дейтін,  
 Сенбейтінді сенер дейтін  
 Түр ойлар.  
 Іркіліп, іркілмейтін,  
 Өмірде «Мүмкін» дейтін  
 Бір ой бар.

Сенімсіз бас иетін,  
 Бұл ойдың қасиетін  
 Біліп қал  
 Мүмкіннің құрамында:  
 қорқыныш, сұрақ, ынта,  
 үміт бар.

Жақтайды, жақтамайды ол  
 Сақтайды, сақтамайды ол  
 Кеселден  
 Жағымсыз үні көркем,  
 Ол тірі бүгін, ертең.  
 Кеше өлген.

Мүмкін емес – мүмкін елес,  
 Мүмкін де мүмкін емес  
 Біртүрлі ой  
 Ойымның дұрыс болуы да,  
 Немесе бұрыс болуы да  
 Мүмкін ғой...

Нұржан САЛИМОВ,

«Театртану» мамандығының 3 курс студенті

## КІТАП ЖУРАЛЫ ҒАЖАЙЫПТАР

Қалыпты оқу барысында ақпараттың 60%-ы қабылданады, ал жылдам оқу барысында 80%-ы қабылданады.

1 сағат кітап оқитын болсақ, көзіміз 57 минут бойы мәтінге қарайды. Яғни, бір ғана бағытқа қарау арқылы демалады десек те болады.

О.Бальзак жарты сағатта романның 200 бетін оқитын болған.

Оқу барысында көз миға түрлі әріптер арқылы суреттер жібереді. Ал ми суреттерді өзара біріктіреді.

Кітапті жақсы оқитын адам бір уақытта 4 бағдарламаны қатар тамашалай алады.

Орташа есеппен адамдар кітаптың бір жолын оқыған кезде 12-16 рет тоқтайды. Ал жылдам оқу техникасын меңгерген жандар 2-4 рет қана аялдайды.

Кітапты көп оқитын адамға калориялы тағамдар қажет емес және олар көп жағдайда артық салмақ жинамайды.

Наполеон минутына 2000 сөз оқитын болған.



## НАПОЛЕОН МЕН ГИТЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖАҒҚАЛАРЛЫҚ СӘЙКЕСТІК

Наполеон 1760 жыл дүниеге келген, ал Гитлер 1889 жылы дүниеге келген. Арасы – 129 жыл. Наполеон Ресейге 1812 жылы шабуыл жасады. Гитлер 1941 жылы. Арасы - 129 жыл.

Наполеон билікке 1804 жылы келді, Гитлер 1933 жылы. Арасы - 129 жыл.

Наполеон Венаға 1812 жылы кірді. Гитлер Венаға 1941 жылы кірді. Арасы - 129 жыл.

Наполеон 1816 жылы соғыста ұтылды. Гитлер 1945 жылы ұтылды. Арасы - 129 жыл.

Екеуі де билікке 44 жасында келді.

Екеуі де Ресейге 52 жасында шабуыл жасады.

Екеуі де 56 жасында соғыста ұтылды.



## ҚЫЗЫҚТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Ең ұзақ есім: Хумананоджасваматашетаргандас  
Алясканың туын 13 жасар бала ойлап тапқан.  
Адам күніне орта есеппен 13 рет күлетіп көрінеді.  
Адам түшкірген сайын мидағы жасушалардың бөлігі азая түседі.  
Батыс африкалық матами тайпасы футболды адамның бас сүйегімен  
ойнағанды жақсы көреді.  
Қазіргі кезде өзіміз қолданып жүрген қаламсап 1945 жылдан бастап  
саудаға түсіпті. Сол кезде оның құны – 12 АҚШ долларына тең  
келіпті.  
Жақсы қаламсаппен 50 мың сөзге дейін жазуға болады екен.  
Ақ киттің жүрегінің үлкендігі жеңіл көлікпен бірдей.  
Кірпінің жүрегі сағатына 300 рет соғады.  
Ит онға жуық, мысық жүзден астам дыбыс түрін шығара алады.  
Дельфиндер бір көзін ашып ұйықтайды.  
Мұнайдың бір ғана тамшысы 25 литр суды ішуге жарамсыз етеді.  
Бір жылда 31557600 секунд бар екен.  
Бір ғана Мәскеуде 100 мыңнан астам Ивановтар әулеті бар.  
БҰҰ келтірген деректерге сенсек, жер бетінде күн сайын 250 сәби  
өмір есігін ашады. Яғни әр секунд сайын үш баладан дүниеге келеді.  
Әлем бойынша, күніне 4,5 миллиард тонна бензин жағылады.  
Қытайдағы 90 миллион адамның тегі Ли екен.  
Соңғы 500 жылда ғарыштық заттардың қалдықтары себебінен  
жердің салмағы миллиард тоннаға ауырлаған.  
Шимпанзелер төбелестен кейін әр уақытта ымыра ретінде  
бір-бірлерінің еріндерінен сүйіп тұрады.  
Сахара шөлінде 1979 жылдың 18 ақпанында қар жауған.  
1983 жылы бала туылмаған жалғыз ел – Ватикан.  
Ніл екі рет мұз құрсаған – IX бен XI ғасырда.  
Бір қыл шаш 3 келі салмақты көтеріп тұра алады.  
Піл – 4 тізесі бар жалғыз жануар.  
Акулаларда раққа қарсы иммунитет сақталған.  
Шимпанзе – өзін айнадан тани алатын жалғыз жануар.  
Піл мен адамдар – баспен тұра алатын жалғыз сүтқоректілер.  
Қолтырауындар тереңге сүңгу үшін іштеріне тас жұтып алады.  
Адамның бүкіл ғұмырында мұрын ғана өсуін жалғастыра береді.  
Бір адамның денесінде өмір сүріп жатқан ағзалар Жер бетіндегі  
адамдардың санынан көп.

## Желідегі жазбалар:

Тамақ дайын, нан ала келіңдер.

Жігіттер мен кешігіп келем, астындағы күзетшілерге ескерте салыңдаршы?!

Нүреке, кімге ескертін едің? Кіргізбей қойды. Мумтазда отырмын. Таңғы 6-да ашылғанда кірем.

Ереке, қайдасың? Бүгін екеуіміз кезекші едік, қайдасың?

Үйде кім бар? Тамақ істей салыңдаршы. Қарным ашып келеді.

Сүйінші, стипендия түсіпті!

Жігіттер, стипендия түсіпті. Кешкісін ақша жинаймыз.

Тез-тез үйді жинандар! Көзілдірікті апай тексеріп жүр.

Кімде қарызға 500 теңге бар?

Тамақ істеп жатырмын. Тұз жоқ...

Кім есікті бекітіп кеткен? Мен қамалып қалдым...

Бүгін жатақханада су тоқтайды екен. Үйдегі ыдыстарға су толтырып алайық.

Әй, жатып ішер арамтамақтар, тамақ дайын, келіп, тамақ ішіндер!

Ура! Бүгін университетте су жоқ. Сабақ болмайды!

Жігіттер, университетте тегіп тамақ таратылып жатыр екен. Қалжың!!!!))

Менің жуып қойған нәскиімді кім киіп кеткен?!

Жігіттер, есікті бекітіп жүрейікші, тәпішкелер жоғалып жатыр.

Кім қыздармен жақсы сөйлеседі? Нан сұраңдаршы.

Кім университетте? Кафедрадан менің расписаниямды біле келіңдерші.

Ертең wi-fi өшеді. Екі айы төленген жоқ.

Кімде активке единица бар? Кімде тариф?

Бүгін Сапарбектің туған күні. 200 теңгеден жинаймыз.

Азамат, ертең нешеде тұрасың? – 8-де. – Оята салшы.

Мен ертең сабаққа бара алмаймын. Ауырып жатыр деңдер.

Нан жоқ. Нан тауып алсақ, қатып кетер еді.

Мусорды ала шық. Мен лифт шақыра берем.

Құр рожки пісіріп қойдым. Ұялмасандар, келіңдер!

Ревизор! Комендант келе жатыр!

Ілгіштегі қара кофта кімдікі? Ертең мен кием.

Кім тамақ ішкен? Арттарыңды жинап жүрсеңдерші.

Душта кім? Тез шықшы. Сабаққа кету керек.

Көршілер шампунін сұрап жатыр. Кім алған?

Тіс пастасы кімде бар? –Түзбен шая сал!



## *Құстар салған ән...*

Ерте көктем кешінде ауыл маңындағы томпиған кішкентай ғана дөңнің басында жолға қарап ылғи бір «Сары бала» отыратын. «Осы бала әлгі жерден не іздейді...» - деп жұрт оны әркез әңгіме қылушы еді. «Сары баланың» сол шақтағы сары уайымын тірі жан түсінбейтін.

Ол нәпақа табу қамымен ауылдан қалаға сапар тартқан әкесін күтетін.. Күткенде қандай?! Сарыла... Сағына... күтетін. Сеңгір көкке көз қадап, сызылта ән салған құстармен тіл табысып, солардың мұңлы сазын салатұғын. Сондықтан, көктем оған ұнайтын. Әлгі «Аспан-патшаларымен» бірге «Асқар тауы» оралатындай көрінетін.

Әке де баланың сол бір сағынышын сезіп, оған үнемі хат жолдап тұрушы еді. Хат соңында дәйім: «Сары баламды сағындым... Көп ұзамай ауылға барамын...» - дейтін ол. Осы бір ауыз сөз баланың сөби жүрегін елжіретіп, жанарын ыстық жасқа малып жіберетін. Ал үміт отын одан сайын жандыра түсетін.

Кейде әкесін күте-күте жабыққан «Сары бала» анасына: «Әкем неге келмейді? Неге сонша ұзақ жүрін алды. Мені, сағынбайды ма?» - дейтін. Сондай сәтте ананың кіршіксіз көңілі босап кететін. «Келеді, келеді балам» - деуші еді, ана да ағынан жарылып...

«Сары бала» көктеммен қош айтысып, жазбен қауышқанда ертелі – кеш дөңнің басынан тіпті түспейтін боп алды. Қолы қалт босай қалса, сол жерге тартып қоятын. Сарғайған ескі сары қойын дәптеріне өлденелерді жазып, шимай салатын. Сергелден сезімдерін парақ бетіне бала-жүрегімен тізбектейтін. Мұнысын білетін кейбір «дос-жараны» келеке қылушы еді. Бірақ, «Сары бала» оларға мән бермейтін. Тек, өйтеуір ары-бері, өткен-кеткен көліктердің бірін де назардан тыс қалдырмайтын. Ауылға жеткен көлік жүргізушілерінен «Менің әкемді көрмедіңіздер ме? Маған сәлем айтпады ма?» - дейтін мөлдір мұңды «Сары бала». «Жоқ» - деген сөз естісе, оңаша барып жылап алатын. Дөңнің басына қайта оралып өлең жазатын. Сосын, құстармен ойша сырласатын. Сол бір сырласуды сүйетін. Ал, құстар жылы мекеніне қайта бастап, сары күз сабылып жеткенде дөң басына шығуын азайта түсетін. Дегенмен, аракідік бармаса, көңілі көншімейтін-ді...

\*\*\*

Санамда берік сақтаулы. Жапырақтар маңайды сары түске бояған сары күздің бел ортасы еді. Баяғы дөң басында, баяғы «Сары бала» отырған. Кенет, алыстан асығыс ауылға бет алған көлік көрінді. Әлгі бала орнынан түрегеліп, көліктен көзін алмай қарай берді. Онысы «Сары баланың» сағынышқа толы үйінің тап алдына келіп тоқтады. Бала ескірген блокнотын қойын қалтасына сала салып, шаңырағына қарай тартып қойды. Ойында тек әкесі. Жүгіріп бара жатып: «Алақай, әкем келді... Әкем келді...» - дейді, жан-дауысын жаңғыртып. Алайда, үйге кіргесін әкесін таба алмады. Бұрышта жылаған жалғыз анасын көрген бала:

- Мама, әкем келмеді ма? - деді.

- Жоқ, балам... Ол енді келмейді. Біз оған барамыз – деді ана.

Солай-ақ болды. Таң атысымен ана және бала ат-арбамен ауданға шықты. Ауданнан әрмен қарай қалаға кетпек. Сөбиін кеудесіне қысқан ана төбеде қанат қаққан құстарға қарайлап:

«Жаз өмірін, мөз өмірін қысқартып,  
Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып.  
Зымырайды менің бала кезімдей,  
Бір жалт етіп, өте шыққан, өте шыққан сезімдей» - деп, «Құстар қайтып барады» әнін сыбырлап айтып жатты...

«Аспан-патшалары» қимастық танытып әуенді жалғап кетті... Әуеде ауыл құстарының ерекше даусы қалықтай түсті...

Бала ештеңе түсінбеді. Сол кезде құстармен бірге оның әкесі мәңгілік сапарға кетіп бара жатқан.. Ал, сағынышы сол өңеу дөңнің басында, соңында қалған ауылда қолын бұлғап тұрған..

Иә, «Сары баланың» сағынышы. Жо-жоқ менің сағынышым...

\*\*\*

Есімде қалғаны сол жолғы «Құстар әні» тіпті мұңлы болатын..



Қуат ЕЖЕМБЕК,  
театртанушы, Астана қаласы «Қуыршақ театры» Әдебиет бөлімінің менгерушісі

## *Айфонның ар жағынан келген ару* («Алтайдың ар жағынан келген ару»)

1. Жетпейді деп ойлаушы ем саған қол да,  
Кездейсоқ, кез болдың-ау ғаламторда, шіркін!

Қ-сы:

Мөп-мөлдір жанарың-ай,  
Жаз дидар жамалың-ай,  
Қалдырдым, коментарий қарағым-ай.  
Жанымды әй ұқпассың,  
Әсерден айықпаспын,  
Еріксіз, қалқам саған лайк бастым.

2. Айнаға шағылысқан бетің сынды  
Көрсетіп түстің айфон жетіншінді, шіркін!

Қ-сы:

3. Айфонның ар жағынан келген ару,  
Жарқ етіп спышкасы сөнген ару, шіркін!

Қ-сы:

4. Іздеп ғаламтордан бақытыңды,  
Ұрлатып алмағайсың уақытыңды, шіркін!

Қ-сы:

## *Степендия күту балысі* («Боз орамал»)

Кетпейтін көңілімнен сен бір өлең,  
Хат хабар күтудемін келді деген, бір күн  
Қып-қызыл емес пе еді-ау бес мың теңге,  
Жас дәурен жалауындай желбіреген, шіркін!

Қ-сы:

Степендия алғаным менің,  
«Мумтазға» барғаным менің,  
Өзіңе сағынып сазын,  
Арнадым дедім, әттен.

Келемін жаяулатып, жол алдымда,  
Обшагам бұлдырлайды көз алдымда, шіркін!  
Таксимен көз-жұмғанша жетіп барар,  
Қып-қызыл бес мың теңген жоғалды ма, шіркін!

Қ-сы:

Аш қалып қоймасын деп құрдастарым,  
Тойдырдым, қостым-дағы бір бастарын, шіркін!  
Жоғалып кетпесе деп уайымдаймын,  
Залогқа тастап кеткен удастағым, бүгін.

Қ-сы:

## *Бір баян керек екен* («Бір досың керек екен»)

Жабығып қалғаныңда  
Таусылып талғамың да,  
Арылып ауыр кірден  
Бір сәтке алдануға.  
Жон арқан тырналатын,  
Ыстық дем тыңдалатын,  
Парына кіріп барсаң  
Қош айтып кір қалатын.  
Қолыңа сүлгі алатын  
Жаң-тәнің нұрланатын  
Бір айда бір баратын  
Бір баян керек екен

Мирас ӘБІЛ,

«Театртану» мамандығының 2 курс магистранты



**Гүлнәр Салиндина**



**Айман Мұсаходжаева**



**Сәулебек Асылхан**



**Гүлжан Баураева**



**Тұрар Әліпбаев**

1 – Данияр Қайырбеков  
2 – Жарқын Қадырбек  
3 – Толғанай Айтөреева  
4,5 – Әугерім Тендік

## Жұлдыз жорамал:

Кітапханадағы апайлар: Кітапханадан кітап алып, қайтармай жүрген студенттер болса кешіре салғандарыңыз дұрыс. Әйтпесе, басқа да кітаптарыңыз жоғалып кетуі әбден мүмкін.

Асханадағы апайлар: Студенттерге қарызға тамақ жиі беріп тұрсаңыздар, шексіз табысқа қал жеткізесіздер. Оның үстіне артылып қалып бұзылып кету қауіпінен құтыласыздар. Және де қалған тамақтарды тегін таратуды да ұмытпағайсыздар.

Гардерабтағы апайлар: «Студенттердің киімін алмаймыз» деген сөздерді қалданыстан шығарсаңыздар әр күндеріңіз сәтті балары анық.

Күзетшілер қауымы: Университетке кіретін пропускілерін ұмытып кеткен студенттерді жібере салған жен. Себебі, олар бәрібір кірудің жалын табады ғой.

Музыкалық аспапта айнайтын студенттер: Лирттің жанындағы баспалдақтарда жасырын дайындалған кезде ездтеріңізбен көрпеше ала келулеріңізді ұмытпаңыздар, суық өтіп сырқаттанып қалуларыңыз ғажап емес.

Актерлер: Инстаграмда тікелей эфирде кел атыра бермей, балашақта телеарнаның тікелей эфирінен ұн қатуды ойлағаныңыз ләзім. Театрға баруды жиілетсеңіз дүниетанымыңыз өсіп, өнеріңіз кең тыныс алады.

Жалпы студенттер: ақ сайын өтетін «Ес-аумақ» мәдени-танымдық бірлестігіне белсене қатысыңыздар. Егер бармаған жағдайда, өмірде көп нәрседен қалып қоюыңыз мүмкін.


Әзілдеген: Хәкім ХАСАМБАУ

## Фразы Стругацких, которые научат мыслить шире

- 1) 83% всех дней в году начинаются одинаково: звенит будильник.
- 2) Целыми неделями тратишь душу на пошлую болтовню, а когда встречаешь настоящего человека — поговорить нет времени.
- 3) Все правильно: деньги нужны человеку для того, чтобы никогда о них не думать.
- 4) Просто удивительно, как быстро проходят волны восторга. Грызть себя, уязвлять себя, нудить и зудеть можно часами и сутками, а восторг приходит и тут же уходит.
- 5) Если во имя идеала человеку приходится делать подлости, то цена этому идеалу — дерьмо.
- 6) Волчица говорит своим волчатам: «Кусайте, как я», — и этого достаточно; и зайчиха учит зайчат: «Удирайте, как я», — и этого тоже достаточно; но человек-то учит детеныша: «Думай, как я», — а это уже преступление.
- 7) Почему не помолчать, когда все ясно без слов?
- 8) Лучше двадцать раз ошибиться в человеке, чем относиться с подозрением к каждому.
- 9) А какой смысл покупать машину, чтобы разъезжать по асфальту? Там, где асфальт, ничего интересного, а где интересно, там нет асфальта.
- 10) Фантазия — бесценная вещь, но нельзя ей давать дорогу внутрь.
- 11) Только вовне, только вовне.
- 12) Скептицизм и цинизм в жизни стоят дешево, потому что это много легче и скучнее, нежели удивляться и радоваться жизни.
- 13) Это что-то вроде демократических выборов: большинство всегда за сволочь.
- 14) Среди них никто точно не знал, что такое счастье и в чем именно смысл жизни. И они приняли рабочую гипотезу, что счастье — в непрерывном познании неизвестного, и смысл жизни в том же.
- 15) Что это такое — нужен? Это когда нельзя обойтись без. Это когда все время думаешь а Это когда всю жизнь стремишься к.
- 16) Какой смысл говорить о будущем? О будущем не говорят — его делают!
- 17) Там, где торжествует серость, к власти всегда приходят черные.
- 18) Не в громе космической катастрофы, не в пламени атомной войны и даже не в тисках перенаселения, а в сытой, спокойной тишине кончается история человечества.
- 19) Это ведь неправда, что бывают дети и бывают взрослые. Все, на самом деле, сложнее. Бывают взрослые и бывают взрослые.

## *Қаңтар айындағы туған күн иегерлерін құттықтаймыз!*

1. Сымбат Дәулетхан «Сценография» 2 курс - 2 қаңтар
2. Нұрғазы Жұмабай «Драма театры және кино актері» 2 курс - 3 қаңтар
3. Асемгуль Тюльпанова «Киім дизайны» 2 курс - 6 қаңтар
4. Рахат Турежанов «Музыкалық театр актері» 3 курс - 6 қаңтар
5. Бауыржан Егінбай «Драма театры және кино актері» 2 курс» - 6 қаңтар
6. Ілес Көпбосын «Музыкалық театр актері» 2 курс - 8 қаңтар
7. Дана Верещак «Музыкалық театр актері» 2 курс - 9 қаңтар
8. Ернияз Бірімқұлов, ұстаз - 10 қаңтар
9. Бибінұр Қанаш «Музыкалық театр актері» 2 курс - 12 қаңтар
10. Амина Тұяқбаева «Драма театры және кино актері» 2 курс- 12 қаңтар
11. Айкөркем Әділгереева «Драма театры және кино актері» 4 курс - 15 қаңтар
12. Балнұр Кемельбаева «Көркем фильм режиссурасы» 2 курс-15 қаңтар
13. Бақтияр Қуандық «Драма театры және кино актері» 2 курс»- 16 қаңтар
14. Ақмарал Әбдірахманова - 18 қаңтар
15. Медет Рахымбеков «Музыкалық театр актері» 4 курс - 22 қаңтар
16. Ерсін Айтмұқаш «Драма театры және кино актері» 4 курс – 22 қаңтар
17. Нұржан Салимов «Театртану» 3 курс – 22 қаңтар
18. Назгүл Салықова «Қуыршақ театрының әртісі» 4 курс - 24 қаңтар
19. Қобыланды Болат «Драма театры және кино актері» 4 курс - 27 қаңтар
20. Тасқын Манат «Драма театрының режиссурасы» 2 курс- 27 қаңтар
21. Дидар Мәуітова «Продюсерлік режиссурасы» 1 курс - 29 қаңтар
22. Оразбай Сайлаубай «Кинотану» 3 курс - 31 қаңтар



«БОЛАШАҚ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР»

Нұрболат АСҚАР,  
«Станокты кескіндеме»  
мамандығының 3 курс студенті



«СТУДЕНТТЕР»



«ЛЕЙЗАЖ»



«ПОРТРЕТ»



Күнделікті әдетіммен университетіміздің кітапханасына бас сұқтым. Көркем әдебиет бөлімінен өзіме керекті кітаптарды алдым да, оқырман залына, медиатека, газет журнал сақталған бөлімдерге кіріп шықтым. Көнет, оқу залының сөрелерінде бір өзгеріс бардай көрінді Зер салып қарасам кітапхана қоры жаңа кітаптармен толықтырылған екен. Бірден оқырман залындағы апайға барып бұл кітаптардың қайдан келгенін сұрадым. Мен көрген кітаптар Қазақстан Республикасының Ұлттық Музейінен , «Түркі

өнері» антологиясы сынды сыйға тартылған кітаптар мен «Дара жол» атты Ф.Ж. Балғаеваның 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының 2 томдығы, сонымен қатар Солтанбаева Г.Ш «Иллюстрирование моды» атты жаңа кітаптары келіп түсіпті. Тағы да, медиатека бөліміне В.Гоголь, А.П.Чехов, А.С. Пушкин, Толстой, т.б орыстың атақты жазушыларының 2 данадан құралған шығармашылығы мен өмірбаяны жайлы баяндайтын дисктер келген екен. Аса бір құнды сыйлық 24 дисктен құралған Қазақтың халық әндері деп аталатын сырт пішіні екі қарыс кітапқа баса назар аудардым. Бұған дейін халық әндерінің мұнша көп топтастырылған жиынтығын көрмеген едім. Ол сыйлықты «эстрада өнері» кафедрасының меңгерушісі Даулетбақ Майра сыйға тартқан екен. Периодика бөлімінде де күн сайынғы түсіп отыратын газет- журнал беттеріндегі мақалалар, әдеби шығармалар, пайдалы кеңестер, сонымен қатар дизайн, мәдениетту саласына байланысты әр түрлі журналдар мен газеттер барлығымызға септігін тигізетінін ескере кеткен жөн. Ноталы басылым бөлімінде музыка саласындағы университет оқытушыларының ғылыми еңбектерін де көзім шалды. Осы барлық жаңа кітаптар жайында кітапхана сайтына жарияланып отыратынын да білдім. Сіздер де [kaznuilibrary.kz](http://kaznuilibrary.kz) сайтынынан көріп біле аласыздар! Құрметті студенттер, сіздерді өнер кітапханасына шақырамын! Көптеген қызықты материалдармен танысып, өздеріңізге мол мағлұмат алып, өсулеріңіз үшін кітаптың пайдасы көп екені хақ. Бірақ соны теория жүзінде айтқанмен, практика жүзінде неге іске асырмасқа? Кітап жансыз, бірақ ол сенін шынайы досына айналады. Еліміздің болашағы білімді, сауатты жастардың қолында болғандықтан, кітап оқудан жалықпайық!



Был обычный, ничего не предвещающий четверг. Был сентябрь. Мой любимый месяц в году. Люблю его за волшебное сочетание лета и осени, дождя и солнца, люблю за цвета и краски, что он дарит, люблю за запах. Запах свежести и перелет. За серость, зелень и золото. За свежий прохладный воздух, да и вообще. Для меня осень все встает на свои места, становится спокойно на душе — все ложится на полочки. Сама по себе.

Но именно эта осень стала для меня особенной. Я встретила тебя. Тебя. Четыре буквы, а во мне переворачивается все! Море эмоций и волнения... Волнение, любовь, тревога и надежда переплетаются. Переплетаются и гложут меня изнутри. Переполняют мое сердце, заставляя его расширяться до невероятных размеров, от чего оно не вмещается в мою грудную клетку! Это мушкетерство. Мушкетерство, и в то же время так опьяняюще. Смесь этих чувств течет по мои венам и растекается по всему телу как наркотик. Мне нет покоя и перт воздуха, я не хочу, чтобы эти чувства не покидали меня!

Я боюсь. Боюсь, что растворюсь в тебе.

Мы встретились первого сентября. Я поступила на первый курс. Все неизведанное и новое. Когда мы впервые встретились глазами, я не думала, что ты старше меня настолько. Максимум, курс третий, не больше. Меня взволновал твой взгляд. Он был тяжел и глубок. Ты стоял совсем один. Стоял и думал. Потом ты заговорил. От услышанного голоса, сердце забилось быстрее. Я не ожидала такого от себя. То что я почувствовала к тебе, было нечто другим. Появилось дикое желание узнать тебя изнутри. Как личность. Узнать, с кем ты думаешь, с кем мечтаешь, с кем жалеешь, какие у тебя планы на будущее. Не было ничего физического. Только душевное. Я хотела узнать тебя изнутри.

Был обычный, ничего не предвещающий четверг. Был сентябрь. Я вышла из университета. Ты шел передо мной, но не знал обо мне. Ты открыл дверь мне. И кто же мог подумать, что в фойе, в отливке синих тонов, осеннее солнце в твоих глазах ослепит мое сердце?..



shabytzhurnaly



► 13 733 123 просмотров

shabytzhurnaly "Я люблю тебя Ақерке" фильмі жүрегіңізді тербеді ме?!. Тербемеуі мүмкін бе?!. Себебі туындының арғы бетінде сан жүректі тулатқан тағдыр жатыр. Ақеркенің армандары, сүйгенінің адал махаббаты, достарының, жанұясының, сол жылдары Қазақ ұлттық өнер университетінде оқыған студенттердің кешкен күйі бар. Сол бір аяулы кез, бүгінде мәңгілік ұмытылмас ұғымға айналды. Осы фильмнің дүниеге келуі үшін еңбек еткен жандардың бәріне Алланың нұры жаусын!

#Сүйемін#сені#Ақерке#сүйеміз#біз#ұмытпаймыз  
#мәңгіге



ТҰМАН



ІҢІР



ЖЫЛЫ ЖАҢБЫР



ОЙ



АЯЛДАМА

Болатбек МӘЛІКОВ,  
«Операторлық өнер»  
мамандығының 4 курс студенті

## *Какой должна быть современная музыка?*

«Современная музыка – эхо времени» – так называлась лекция, которую не так давно прочел молодой композитор Рахат-би Абдысагин. Лекция вызвала большое желание узнать, почему же существуют барьеры между современной музыкой и публикой, почему нередко слушатели считают, что композиторы нашего столетия закрылись в Башне из слоновой кости и пишут музыку для самих себя.

Какой должна быть современная музыка? Как сделать современную музыку популярной? И прав ли российский композитор Владимир Мартынов, утверждая, что «XXI век – конец времени композиторов»? Такие вопросы мы решили задать непосредственно творцам современной музыки. И вот ответы, которые дают еще больший повод поразмышлять о судьбе нового искусства...

**Кенес Дюйсекеев:**

– Самое главное: современная музыка должна исходить от сердца. Тогда она найдет дорогу к сердцу слушателей. Создатель должен иметь чистое сердце, ясную душу, ясную мысль. Также одно из главных достоинств современной музыки – опора на казахский фольклор, на казахское интонационное богатство. В современной музыке должны быть национальные корни. Как говорил великий Михаил Глинка: «Создает музыку народ, а мы, художники, только ее аранжируем». Если композитор выполняет два эти требования – тогда его музыка будет популярной. Но не помешает и пропаганда, реклама этой музыки. У казахов есть пословица: «Ұра берсең, Құдай да өледі».

К сожалению, академическая музыка очень мало пропагандируется. Раньше, когда я работал главным редактором музыкальных программ казахского телевидения, я вел на казахском языке такую же передачу, как у Дмитрия Кабалевского на центральном телевидении. В программе звучала музыка многих великих мастеров с комментариями на казахском языке. Сейчас многое потеряно, нет пропаганды творчества молодых композиторов. Вот эту ситуацию необходимо исправить тем людям, которые возглавляют культуру.

Что касается третьего вопроса, то я думаю, что это очень «сильно» сказано. На самом деле композиторы будут существовать, пока есть слушатель. Потому что талантов у нас на казахской земле хватает и они все равно, я верю, «прорвутся» к народу, к слушателю. Это необратимый процесс. Как невозможно остановить жизнь, так и невозможно остановить композиторское творчество.

**Серикжан Абдинуров:**

– Какой должна быть современная музыка? Я думаю, это любая музыка: классика, джаз, фольклор. Всякая музыка имеет право «жить». Но при условии, что она глубока, содержательна, интересна с музыкальной точки зрения. Тогда она будет востребована.

Второй вопрос – очень сложный. Я еще со студенческих лет думал об этом и сейчас продолжаю думать. Наверное, пропаганда академической музыки – это прежде всего задача государства. Когда я был в Германии, то посещал филармонию. Там предлагают слушателям карманные партитуры и они с удовольствием смотрят ноты во время звучания музыки. А у нас по партитурам следят единицы. Так я пришел к выводу, что необходимо держать высокую планку в образовании. Тогда высокообразованный и высококультурный человек не будет слушать низкопробную попсу.

Если композитор будет отражать в своем творчестве современное ему время, эта профессия не умрет ни в XXI, ни в XXII веках.

**Дмитрий Останькович:**

– Современная музыка должна быть адаптирована к современному слушателю. Но это не означает, что нужно полностью раствориться в потребностях слушателя-дилетанта. Т. е., все-таки функция музыки как вида высокого искусства должна быть первичной.

Популяризировать творчество современных композиторов, наверное, возможно. С другой стороны, история показывает, что без спонсоров и меценатов трудно было во все времена людям искусства.

XXI век – конец времени врачей, бухгалтеров...? Нет, конечно! Новые технологии требуют нового подхода, смены мышления и т.д. Но это не конец старым профессиям. Они выходят на новый уровень.



#### Алиби Абдинуров:

– Современный мир очень сложен, поэтому и современная музыка «рождается» сложной. В этом – проблема композиторов. Мы сочиняем слишком сложную музыку и теряем своих слушателей. Основная масса людей не готова воспринимать академическую музыку – оперу, балет, симфонию. Конечно, им ближе популярная музыка. В итоге расстояние между профессиональным композитором и слушателем слишком большое. Современная музыка должна быть доступна широким массам и поэтому профессиональный композитор должен уметь писать разную музыку – и супер современную авангардную, и легкую музыку. Как говорил Джузеппе Верди: «Если твою песню на улице пел булочник или ремесленник, то значит, ты написал хорошую песню или арию».

Как сделать музыку популярной? Здесь ответ, аналогичный ответу на первый вопрос. Композитор должен быть профессионалом. Но мы также должны воспитывать слушателей с детства. Вот что говорила Роза Багланова молодым певцам: «Выступайте перед молодежью, перед детьми и вы тем самым в будущем заслужите себе слушателей. Они в детстве запомнят вас и будут о вас говорить всю жизнь». Профессиональные композиторы должны часто выступать перед слушателями, воспитывать любовь к музыке.

Ну, а мой ответ на третий вопрос – будет повторением первых двух. Музыка профессионального талантливого композитора всегда будет востребована.

#### Рахат-би Абдысагин:

– Какой должна быть современная музыка – это каждый композитор решает сам для себя. Тем более, что существуют огромное количество и стилей, и направлений, и отношение к музыке постоянно меняется. Одними из самых перспективных направлений современной академической музыки являются спектральная музыка, сериализм, шумомузыка, наномузыка, стохастическая и электронная музыка. Современным композитором является тот художник, который с помощью всех современных ему средств музыкальной выразительности отражает окружающий его современный мир.

В мире существуют очень много способов популяризации музыки. Один из них – это, конечно же, интернет. Например, распространение музыки через Youtube, Sound Cloud. Также очень важно проведение регулярных лекций, посвященных современной музыке, концертов и мастер-классов. К примеру, существуют академии IRCAM (Париж, Франция), в Дармштадте (Германия), Impuls (г. Грац, Австрия).


Музыка эволюционирует, стремительно развивается. Современная музыка – эхо времени. Качественные скачки в мировоззрении человечества неизменно отражаются в музыке и искусстве в целом. Поэтому и зародилась современная академическая музыка.

«XXI век – конец времени композиторов». Знаете, в каждом веке находятся такие люди, которые говорят, что музыке пришел конец. И то же самое было в живописи. Например, в свое время говорили, что творчество Караваджо знаменует собой конец благороднейшего искусства в живописи. Но искусство и музыка в том числе продолжает развиваться несмотря на данного рода утверждения. Роль композитора может измениться, но композиторы никогда не исчезнут.

Авторы: Кожанова Айдана, Ермухамбетова Асем, Женис Аяулым, Борибаева Бекзия, студенты I курса специальности "Музыковедение"







Астана 2017 жыл